

**Қостанай облысы Білім басқармасы
«Н.Құлжанова атындағы Торғай гуманитарлық колледжі» КМҚК**

«БЕКІТЕМІН»

Торғай
гуманитарлық
колледжінің директоры


С.Алматова

2022 ж.

Студенттің ар-намыс кодексі

Студенттің ар-намыс кодексі - бұл білім беру мекемесінің алдында тұрған негізгі міндет - қазіргі өндірістің қиын жағдайында еңбек ұжымдарында бейімделе алатын жоғары білікті мамандарды даярлауды шешетін негізгі нормалар мен тәртіп ережелерінің жиынтығы.

1.1. Осы кодекс колледжде оқу үрдісінде студенттердің мінез-кұлқының негізгі этикалық ережелерін анықтайды.

1.2. Этикалық кодекс студенттердің өзара, колледж оқытушыларымен және қызметкерлерімен қарым-қатынасы үшін қолайлы психологиялық климат, оқуға қолайлы жағдай жасауға бағытталған.

1.3. Этикалық кодекс әрбір студент үшін колледжде міндетті тәртіп ережелерін белгілейді.

1.4. Әрбір студент осы Кодекстің нормаларын орындай отырып, өзінің оқу орнын дамыту мен жетілдіруге, оның имиджі мен іскерлік беделін нығайтуға өз үлесін қосады.

1.5. Колледж студенті сыбайлас жемқорлық пен паракорлықтың кез келген көріністеріне төзбеушілік танытуы тиіс.

1.6. Студент өз елінің лайықты азаматы, тандаған мамандығының кәсіпқойы болуға, шығармашылық тұлғаның ең жақсы қасиеттерін дамытуға ұмтылуы тиіс.

1.7. Студент үлкендерге құрметпен қарау керек, айналасындағыларға дөрекілікке жол бермеуі және әлеуметтік қорғалмаған адамдарға жанашырлық танытуы керек.

1.8. Студент парасаттылық, мәдениет және мораль үлгісі болуы, қатігездік көріністеріне төзбеуі және жыныстық, ұлттық немесе діни белгілері бойынша кемсітушілікке жол бермеуі тиіс.

1.9. Студент салауатты өмір салтын ұстануы тиіс.

1.10. Студент колледждің дәстүрлерін құрметтеп, мүліктерін сақтап, тазалық пен тәртіпті қадағалауы тиіс.

1.11. Студент шығармашылық белсенділікті (ғылыми-білім беру, спорттық, көркем және т.б.) дамытуға, колледждің корпоративтік мәдениеті мен имиджін арттыруға бағытталған кез келген қызметті қажетті және пайдалы деп тануы тиіс.

1.12. Колледж қабырғасынан тыс студент өзінің жоғары мектептің өкілі екенін әрдайым есте сақтап, оның абыройы мен қадір-қасиетін жоғалтпау үшін барлық күш-жігерін жұмсауы керек.

1.13. Студент академиялық арамдықтың барлық түрлерімен күресуді өзінің міндеті деп санауы керек.

2. Негізгі этикалық қағидалар мен нормалар

2.1. Студенттің жалпы этикалық қағидалары:

2.1.1. адалдық;

2.1.2. әділдік;

2.1.3. саналы;

2.1.4. белсенді;

2.1.5. бастамашыл;

2.1.6. әдепті;

2.1.7. диплом үшін емес, білім үшін оқу;

2.1.8. әрбір адамның нәтижеге жеке жауапкершілігі.

3. Студенттер, оқытушылар және колледж әкімшілігі арасындағы этикалық қарым-қатынас негіздері

3.1. Оқытушылар мен студенттердің өзара қарым-қатынасы этикалық, адамгершілік және құқықтық нормаларға сәйкес құрылуы тиіс. Осы мақсатпен біз – серіктестеріміз, біз бір істі істеп жатырмыз және ортақ мақсатымыз бар екенін есте сақтау маңызды.

3.2. Студент колледж оқытушылары мен қызметкерлерімен қалыпты қарым-қатынас сақтауы тиіс.

3.3. Студент басқа студенттермен, оқытушылармен және колледж қызметкерлерімен өзара қарым-қатынаста әдепті, сыпайы болуы, іскерлік қарым-қатынастың негізгі ережелерін сақтауы тиіс.

3.4. Даулы мәселелерді шешудің жалпы тәсілдері барлық тараптардың келісімділігі, тілектестік және мүдделерін сақтауға ұмтылу негізінде құрылуы тиіс.

3.5. Студент басқа адамның ар-намысы мен қадір-қасиетін қорлайтын іс-әрекеттер мен қимылдарға жол бермеуі тиіс.

3.6. Студент жоғары мәдениетпен ерекшеленіп, айналасындағылармен қарым-қатынас жасағанда оң көңіл-күйде болуы керек.

3.7. Ойлау дербестігін және бірегейлігін дамыту.

4. Колледж студентінің құқықтары мен міндеттері

4.1. Студент құқылы:

4.1.1. Оқу нысанын таңдауға;

4.1.2. Оқу процесіне қатысу үшін қажетті ақпаратқа еркін қол жеткізуге;

4.1.3. Ғылыми-зерттеу жұмыстарының барлық түрлеріне, конференцияларға, симпозиумдарға қатысуға;

4.1.4. Мәдени-бұқаралық іс-шараларға қатысуға;

4.1.5. Оқудағы, ғылыми және шығармашылық қызметтегі табыстары үшін көтермелеуге;

4.1.6. ОББ әкімшілігінің бұйрықтары мен өкімдеріне заңнамамен белгіленген тәртіпте шағымдануға құқылы.

4.2 Студент міндетті:

4.2.1. сабаққа кешікпеу және кестеге сәйкес қатысуға;

4.2.2. сабақ кезінде ұялы телефондарды өшіруге;

4.2.3. сабақ кезінде студенттер, егер сабақ ерекшелігінде өзгеше көзделмесе, сөйлесуге, қозғалуға және өзге де іс-әрекеттерімен кедергі келтірмеуге;

4.2.4. оқу үдерісіне белсенді қатысуға;

4.2.5. оқу пәндері бойынша СӨЖ орындау;

4.2.6. колледждің оқу әдебиеттеріне, мүлкіне және басқа да ресурстарына ұқыпты қарау;

4.2.7. оқу процесі кезінде тамақ ішпеуге;

4.2.8. оқу корпустарында тыйым салынады: ластауға, сағыз шайнауға, тәртіп пен тазалықты сақтау қажет;

4.2.9. таза жүру қажет, көзге түсетін макияж бен киім үлгісінен аулақ болу;

5. Салауатты өмір салты

5.1. өз денсаулығына қамқорлық жасау, рухани және физикалық жетілуге ұмтылу қажет;

5.2. колледж аумағында есірткіні және басқа да психотроптық заттарды сақтауға, қолдануға немесе таратуға тыйым салынады;

5.3. темекі шегуге, спирттік ішімдіктерді ішуге, колледж ғимараттары мен оқу корпустарында мас күйінде болуға қатаң тыйым салынады.